

**«Педагогика және психология» кафедрасының Covid-19 Короновирустық инфекциялық пандемиясы кезінде студенттердің білімін «АШЫҚ КІТАПТЫ» қолдану ЕМТИХАНЫН БАҒАЛАУ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ КРИТЕРИЙЛЕРІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра менгерушісі

 Р.Л.Калимжанова

«б» мамыр 2020 ж.

кафедра мәжілісінде

№ 10 хаттамамен бекітілді

Студенттің емтиханға берген жауабы антиплагиаттан өткізіледі.

Егер, антиплагиаттан 49 пайызбен өтсе, онда студенттің емтиханға берген жауабы оқытушының тексеріп, бағалауына жіберілмейді.

Егер, антиплагиат 50 пайыздан жоғары болғанда, студенттің емтиханға жазған жауабы оқытушының тексеріп, бағалануына жіберіледі. Бұл жағдайда берілген емтиханның сұрақтарына студенттің жауабы мазмұндылығы мен дәлелділігіне, дәйектілігіне, теориялық тұжырымдалуына, жеткізілу шеберлігіне қарай, 0 мен 100 аралығындағы балдық өлшеммен бағаланады.

Егер, студенттің емтиханға берген жауабы антиплагиаттан 0-49 пайызбен өтсе, онда оқытушы студенттің емтихан жұмысын тексеріп, бағаламайды.

Студенттің жауабы антиплагиаттан өткен жағдайда оқытушы «ашық кітап» қолдану емтихан бағасын берілген 2 тапсырма(Т) түріне байланысты, 2 түрдің(T1+T2) қосындысы арқылы бағалайды.

Бірінші тапсырма(T1) теориялық негізде болғандықтан, басымдылық беріліп, 70 пайызды құрайды.

Екінші тапсырма(T2) тәжірибелік білік пен дағдыға негізделгендейтін, 30 пайызды құрайды.

1 тапсырманың әр бөлігі- 100 балмен, толтырылмаған бөлігі – 0 балмен бағаланады. Тапсырманың әр бөлігі максималды 100 балмен бағаланады.

Орташа арифметикалық өлшемі студенттің 1-ші тапсырманы толық орындау көрсеткіші болып табылады.  $T_1 = (1+2+3+4+5+6+7)/7$

2 тапсырманың әрбір талабы 100 балмен, орындалмаған талабы-0 балмен бағаланады. Тапсырмаға қойылған әрбір талап максималды 100 балмен бағаланады.

Орташа арифметикалық өлшемі студенттің 2-ші тапсырманы толық орындау көрсеткіші болып табылады.  $T_2 = (1+2+3)/3$

Әр тапсырма максималды 100 балмен бағаланады.

Сонда емтиханның(Е) ең жоғарысы 100 балды құраса:

$$E = T_1 \times 0,7 + T_2 \times 0,3$$

Рубеж (Рорт.) формуласы сол қалпында қалады:

$$P_{\text{ортша}} = (P_1 + P_2) / 2$$

( $P_1$  – 1 аралық бақылаудағы рейтингі,  $P_2$  – 2 аралық бақылаудағы рейтингі).

Қорытынды бақылау (К) мына формула бойынша есептелінеді:

$$K = P_{\text{орт.}} \times 0,6 + E \times 0,4 = ((P_1 + P_2) / 2) \times 0,6 + E \times 0,4$$

Қорытынды баға төмендегі кестеге сәйкес қойылады:

### *Kestе 1*

Әріп жүйесі бойынша	Балдың сандық эквивалент	Проценттік мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3	80-84	
B-	2,67	75-79	Жақсы
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	қанағаттанарлық
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанғысыз

### *Kestе 2*

Баға	Критерий
<b>A бағасы</b>	Оқытылған материал бойынша терең, әрі толық білімі барын дәлелдей, берілген сұрақта қарастырылып жатқан ұғымдардың анықтамасын толық түрде бере отырып, құбылыстар мен зандылықтардың, теориялардың, олардың өзара байланысының мәнін толық түсінгенін көрсете біледі.
<b>A- бағасы</b>	Сұрақтың мазмұнын бағдарламаның талаптарына сәйкес толық, жүйелі түрде баяндай алады. Ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді терең игерген, өз ойын женіл түрде мазмұндай біледі. Талқыланып жатқан мәселеге кең, әрі жан-

	жақты талдау жасай бледі. Елеулі нақты қателердің болмауы. Қорытындысы дәлелді және нақты материалға негізделген. Білім алушының жауабында өздігінен түзетілген, сұраққа байланысты тақырыптан 1-2 жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателердің бар болуы.
<b>B+ бағасы</b>	Пән бойынша оқытылған материалды толық біледі. Оқытылған теориялар негізінде толық әрі дұрыс жауаптың болуы; оқытылған материалды баяндауда, ұғымдарға анықтама беруде, ғылыми терминдерді қолдануда немесе қорытынды жасауда кейбір үйлеспеушілік пен қателердің болуы. Студенттің жауабында зерттеушілерге және олардың теорияларына байланысты шатасулардың болуы
<b>B бағасы</b>	Оқытылған материалдардан негізгі ережелерді өз бетімен атап көрсете біледі; негізгі ережелердің мағынасын аша алады, жауабында логикалық, жүйелі бірізділік бар. Практикада алған білімді, ғылыми терминдерді қолдана білуі нақты. Бірақ әдебиеттермен, оқулықпен жұмыс істеуде жеткілікті дағдысы жоқ екендігі байқалады.
<b>B- бағасы</b>	Жалпы студент берілген сұраққа дұрыс жауап береді, бірақ, негізгі материалды менгергенімен, оны саралай талдауда қиналып, нақты дәлелдей алмайды.
<b>C+ бағасы</b>	Студен жауабы толық, бірақ жүйелі емес. Жауап беру үдерісінде маңызды басты деректердің жоқтығы, Жауабында тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар бар болуы. Негізгі ұғымдарды анықтауда жіберген қателері бар.
<b>C бағасы</b>	Студент берілген сұраққа толық жауап бермейді, тақырыптың, негізгі ережелердің мағынасын кеңінен аша алмайды. Жауапта реттілік пен нақтылық жоқ.
<b>C- бағасы</b>	Студент берілген сұраққа толық жауап бермейді, жауабында негізгі ережелерді ерекшелей алмайды, сұрақтың басты идеялары ашылмайды. Сөздік қорының жеткіліксіздігі, материалды толық менгермегендігі байқалады
<b>D+ бағасы</b>	Студент жауабында көптеген маңызды фактілер келтірілмейді, қорытынды жасалмайды; фактілер қарастырылып жатқан мәселеге сәйкес келмейді, олар салыстырып қарастырылмайды; негізгі мәселені көрсете алмау (қате болса да). Көп елеулі

	қателер бар. Студент жауабында талқыланып жатқан мәселенің іргелі, әрі негізгі мәселелермен байланыс түсінігінің жоқтығы.
<b>D бағасы</b>	Студент нашар жауап береді, тақырыпты толық менгермеген, жауаптарында айтарлықтай, елеулі қателер байқалады.
<b>FX бағасы</b>	Студент өте нашар жауап береді, сұрақтың мағынасын түсінбейді. Жауабында көптеген қателер байқалады. Тақырыпты толық менгермегендігі байқалған жағдайда қойылады.
<b>F бағасы</b>	Студент өте нашар жауап береді, сұрақтың мағынасын түсінбейді. Жауабында көптеген қателер байқалады.. Оқу материалын менгермегендігі байқалған, сұраққа ешқандай қатысы жоқ түсініксіз жауап берген жағдайда қойылады.